

**А.А. Дүйсембаев, Р.А. Мукатова**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: azeke-78@mail.ru, askar\_rabiga@mail.ru)*

### **Шетелдік тәжірибедегі этнотуризм дамуының теориялық негіздері**

**Аңдатпа.** Қазіргі уақытта этнотуризм әлем елдерінде экономикалық және мәдени дамуды қамтамасыз етіп, тарихи мұраларды сақтауға жағдай жасайды. Этнотуризм туризмнің саласы ретінде мәдениет, дәстүрлер, тілдерді танытуға жағдай жасап, ел экономикасына оң әсер тигізеді. Ұсынылып отырған мақалада шет мемлекеттердегі этнотуризм дамуының ғылыми-теориялық негіздері қарастырылып, қазіргі уақытта этнотуризм мен оның тұжырымдамалық пікірлерін қалыптастыруда теориялық және әдістемелік тәсілдемелерінің деңгейлерін жан-жақты зерделеу маңыздылығы айқындалған.

**Түйін сөздер:** этнотуризм, этникалық саябақ, этникалық азшылықтар, этнотуризмдегі шиеленісушілік, институционалды даму.

**DOI: <https://doi.org/10.32523/2079-620X-2020-2-180-188>**

Этнотуризм әртүрлі этностардың дәстүрлері мен мәдениетін әдебиеттер оқылымдарынан немесе теледидар бағдарламасынан емес, тікелей олардың ортасына ену арқылы танып-білуге мүмкіндік беретіндіктен, танымалдылыққа ие болды. Осы тұрғыдан, ел экономикасының, оның ішінде, белгілі бір этникалық қауымдастықтың дамуына жағдай жасап, оған ірі көлемдегі табыс және шетелдік валютаның оң ағымын қалыптастыратын фактор болып осы қауымдастықтың ерекше бір этникалық топқа тиісті болуы арқылы осы дестинацияға туристердің келуі болып табылады (Jamison, 1999; Wood, 1998) [1], [2].

Қазіргі уақытта көптеген мемлекеттер жергілікті қауымдастықтардың дамуы, соның ішінде, экономикалық тараптан дамуын ынталандыру мақсатында осы дестинациялардың мәдени ресурстарын, яғни әлеуетін пайдалану арқылы этнотуризмнің дамуына баса назар аударады (Henderson, 2003; Smith, 1989) [3], [4]. Осы айтылғандармен қоса, мәдениет, салт-дәстүрлер, тілдерді танытуға жағдай жасап қана қоймай, әртүрлі этникалық топтар мен қауымдастықтардың өзіндік ерекше белгілерін, байланыстарын күшейтуге арналған маңыздылығы ерекше күш болып этнотуризм саналады (van den Berghe, 1992, 1994; Boissevain, 1996; Pitchford, 1995) [5], [6], [7], [8].

«Этнотуризм» терминіне алғашқы рет В. Смит түсініктеме беріп (1977 ж.), этнотуризмді туристік қызметтің негізгі түрі ретінде анықтай отырып, көп жағдайда халықтардың экзотикалық және басқа да әдет-ғұрыптарының ерекшелігін сипаттайтын түпкілікті, әрі жергілікті тұрғындардың белгілі бір нарықтағы іс-әрекеттерімен байланыстырды [9].

Содан бері аталған этнотуризм тұжырымдамасы және оған байланысты туындайтын салдар, осылардың қатарындағы туристік сала және этникалық топтардың арасында болатын байланыс, сонымен қатар, туристік қызметтердің этникалық азшылық болып табылатын топтарға деген ықпалы зерттелініп, оны келесі көрсетілген сызбада сипаттауға болады (сурет 1).

Грабурн (1978)

- этнотуризмді мәдени және табиғи туризмнің жиынтығы ретінде сипаттайды. Сонымен қатар, этнотуризмді тарихи тамырлары бар жерде ата-бабаларын, отбасын іздеу үрдісі емес, нақты экзотикалық ұлттарға адамдарға бару ретінде сипаттайды.

Макинтош пен Гельднер (1990)

- этнотуризмді шынымен экзотикалық халықтардың мәдениеті мен өмір салтын байқауға арналған саяхат ретінде сипаттап, туристердің баратын жердегі тұрғындардың үйлеріне баруын, мәдени іс-шараларға, билер мен діни рәсімдерге қатысуын қарастырады.

Ван ден Берге (1994)

- этнотуризмді басқа этникалық топтармен кездесу, соны іздеу және ұмтылу ретінде анықтайды. Қазіргі заман гомогенизацияны, тұрақсыздықты және шынайылықты тудыратындықтан, ол қарама-қарсы тәжірибеге деген ынтаны тудырады

Бутузов А.Г. (2013)

- әр түрлі этникалық топтардың дәстүрлі мәдениетімен танысу үшін жасалатын саяхат

Сурет 1. Этнотуризм ұғымының эволюциялық теориялары (1978-2013 жж.) Ескертпе - [6], [10], [11], [12] әдебиеттер негізінде автормен құрастырылған

Қазіргі уақытта этнотуризм саяхаттаушылардың экзотикалық мәдени тәжірибені іздеулеріне негізделген, олардың этникалық ауылдарға, этникалық азшылық топтарының үйлеріне және этникалық саябақтарға баруы, этникалық іс-шаралар мен фестивальдарға қатысуы, дәстүрлі билері мен рәсімдерін көру немесе ұлттық қолөнер бұйымдарын және кәдесыйларды сатып алуы ретінде қарастырылады (Yang, Wall & Smith, 2008) [13]. Сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген туристік саланың маңызды элементі, яғни этнотуризм өңірдің әлеуметтік жағынан ғана емес, сонымен қоса экономикалық жағынан даму стратегиясы ретінде ерекше маңыздылыққа ие болып табылады (McIntosh & Johnson, 2005) [14].

Бүгінгі таңда этникалық тақырыпта жұмыс жасайтын көптеген саябақтар, сонымен қоса, әртүрлі ұлттар мен халықтардың ауыз әдебиетін дәріптейтін ауылдар этнотуризмнің әлемдегі ең көп таралған тартымды, әрі көрнекі жерлері болып табылады. Этникалық саябақтар елдің немесе аймақтың этникалық әртүрлілігін келуші туристерге ұсынатын коммерциялық нысандар болып табылады (Bruner, 2005) [15].

Этникалық саябақтардың ең негізгі мақсаты туристер үшін демалысты ұсыну болмағандықтан, олар басқа ойын-сауық орталықтарынан ерекшеленеді. Этносаябақтардың негізгі мақсаты - ұлттың немесе аймақтың этникалық, мәдени әртүрлілігі мен мұрасын дәріптеу, олардың кейбір аспектілерін көрсету, сақтау немесе қалпына келтіру (Bruner, 2005; Xu, 1998) [15], [16].

Қазіргі туристер жергілікті тұрғындармен тығыз байланыста болуға, ерекше нысандармен танысуға құштарлық танытуға және шынайы мәдениетті сезінуге қызығушылық білдіргендіктен, көптеген мемлекеттер туристерді тарту үшін елдегі этникалық топтардың ұлттық бейнелерін мәдени орындарда, мұражайлар, галереялар, этноауылдар, мәдени саябақтар, өнер алаңдары мен фестивальдерде жиі қолданады.

Осы саладағы ғалым зерттеушілер Райан мен Айкен еңбектеріне сүйенсек, олар этнотуризмді дәстүрлі бейнелердің туристік өнімге айналуы ретінде және ерекше кешен түрінде қарастырды (сурет 2) [17].


Дәстүрлі бейнелер	Туристік өнім
<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/> Өмір сүру салты	<input type="checkbox"/> Заттаңбалар
<input type="checkbox"/> Этнологиялық көрмелер	<input type="checkbox"/> Нұсқаулық
<input type="checkbox"/> Мәдениет	<input type="checkbox"/> Көшірме
<input type="checkbox"/> Дәстүрлер	<input type="checkbox"/> Кәдесый
<input type="checkbox"/> Әдет-ғұрып	

Сурет 2. Райан мен Айкен еңбектері бойынша этнотуризмнің ерекшелігі  
Ескертпе - [17] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Қытай ғалымы Л. Янг зерттеулерінде этникалық тақырыптағы жұмыс істейтін саябақтың мүмкін болатын байланыстары мен құрылымын сипаттайтын тұжырымдамалық негіз жасалды (сурет 3) [18].

Тақырыптық саябақ материалдық нысандар (сәулет, өнер, қолөнер және дәстүрлі киімдер) және мәдени іс-шаралар арқылы ұлттық нақышты көрсетеді. Осыған байланысты, мүдделі тараптардың төрт тобы анықталды: (1) үкімет, (2) саябақтарды басқару, (3) саябақтың қызметкерлері және (4) туристер.

Бұл жерде олар тек мүдделі тараптар ғана емес, сонымен қатар, этнотуризмнің дамуына жағдай жасайтын маңызды қатысушылар болып табылады. Топтардың әрқайсысы өз алдына әртүрлі өкілеттіктерге, мотивтерге, ұлттың мәдениеті мен туризмді дамытуға қатысты ерекше көзқарастарға ие.



Сурет 3. Л. Янг бойынша этникалық тақырыптағы саябақтың құрылымы  
Ескертпе - [18] әдебиет

Жоғарыда көрсетілген сурет бойынша үкімет этнотуризмді дамытуға бағыт-бағдар береді және саябақтың жұмысын қадағалайды, ал саябақ әкімшілігі қызметкерлерді басқару және бақылаумен, осы орынның жұмысын жобалау мен реттеу, ұйымдастырумен айна-

лысады. Саябақ қызметкерлері туристермен қарым-қатынас жасау арқылы өздерінің мәдениеттерін көрсетеді, ал туристер саябақта ұсынылған мәдениеттерді қабылдайды. Бұл құрылым саябақтың, ұлттың мәдениеті мен этнотуризмнің өзара байланысын зерттеу үшін қолданылады.

Суайн (1989) және Кси (2001) еңбектерінде этнотуризмнің әлеуметтік-мәдени мәселелері, мүдделі тараптардың болашағы мен стратегиялары жүйелік негізде зерттелінді [19], [20]. Бұл жүйе үш бөліктен тұрады: (1) негізгі мүдделі тараптар; (2) әлеуметтік-мәдени мәселелер; (3) мүмкін болатын, яғни ықтимал шешімдер (сурет 4).

Этнотуризмнің дамуына әсер ететін негізгі мүдделі тараптарды қарастыру үшін, олардың төрт тобын ерекше атап өтіп, жеке зерттеу қажеттілігі туады: (1) үкімет тобы (әртүрлі деңгейде); (2) туризм саласындағы заңды тұлғалар, яғни кәсіпкерлер; 3) этникалық қауымдастықтар, халық; және (4) осы қызметті тұтынушылар, яғни туристер. Осы уақытта жоғарыда атап көрсетілген төрт топтың этнотуризмді дамыту туралы ойлары мен шығармашылық идеялары, құндылығы жоғары болып табылатын пікірлері, сонымен қоса, осы этникалық мәдениеттің даму жағдайына, дамуына деген қатынасуына баға беріліп, салыстырмалы талдау жасалынады. Осында қарастырылатын мүдделі тараптардың әрбірі белгілі бір себептерге байланысты, өзінің алдына басқалардан ажыратылатын ерекше мақсаттар мен міндеттерге ие. Осындағы кейбір мүдделі тараптар этникалық азшылықтың мүшелері болмаса да, олар өте маңызды рөл ойнайды.


Жоғарыда көрсетілген суретте берілген ақпаратқа сәйкес, этнотуризмді жылжыту және дамытуды жоспарлау сатысы барысында біртіндеп шешілуді талап ететін бірқатар әлеуметтік, онымен қоса, мәдениет саласындағы да ерекше маңыздылыққа ие бірнеше мәселелер мен осы салаға тиісті факторларды талдау қажеттілігі туындайды. Олардың қатарына келесілерді жатқызуға болады: этникалық азшылық топтарының мәдениеттерін сақтау, туристік саланы экономикалық дамудың нысаны сынды қолдану, келушілердің үмітіне сәйкес келетін туристік тәжірибені ұсыну қажеттілігі, сонымен қатар, қабылдаушы қоғамдастықтың пікірі бойынша өнімдерге экономикалық қайтарымды қамтамасыз ету жатады. Сонымен қатар, институционалды даму үлкен рөл атқарады. Жоғарыда берілген суреттегі құрылымдардың арасындағы институционалды байланыстың болуы мен рөлдердің нақты бөлініп, атқарылуы этнотуризмнің дамуына жағдай жасайды.

Этнотуризмдегі негізгі шиеленістер келесі тараптар арасында болады:

Этникалық автономияға қарсы мемлекеттік реттеу: мемлекеттік реттеу мен этникалық автономия арасындағы қайшылық этнотуризмге тән, алайда, этникалық халықтар өздерінің ресурстарын және тағдырларын басқаруда көбірек автономия алғысы келеді.

Мәдени экзотика мен қазіргі заман арасындағы қарама-қайшылық. Этникалық халықтың қазіргі заманға деген ұмтылысы - тағы бір шиеленіс. Мәдени экзотика туристерді тартудың негізгі күші мен этникалық қауымдастықтарда туризмді дамытудың негізі ретінде танылады, дегенмен, аталмыш топтың қоғамға мәдени, саясат, экономикалық жағынан болсын, интеграциялануына әсер ететін, ықпалдасатын бірқатар мемлекеттік институттар бар. Бүгінгі таңда жоғарыда көрсетілгендермен бірге, этникалық топтарға бірқатар social media, бұқаралық ақпарат құралдары және нарықтық экономика өз тарапына әсерін тигізеді.

Экономикалық тұрғыдан даму үрдісінің мәдени құндылықтарды қорғау және сақтап қоюға қарсы болуы: туризм аймақтың экономикалық дамуының тиімді стратегиясы болуы мүмкін. Даму өзгеріске әкеледі, бірақ барлық өзгерістер қажет емес. Этникалық қауымдастықтардағы күрт өзгерістердің болуы мәдениетті сақтауды маңызды мәселеге айналдырды.



Сурет 4. Этнотуризмнің дамуын жоспарлаудағы тұжырымдамалық негіз  
Ескертпе - [19], [20], [21] әдебиеттер негізінде автормен өңделген

Түпнұсқалық және мәдениетті коммерцияландыру арасындағы қарама-қайшылық: туристік өнімді құрастырушылар жаңа жұмыс орындарын ашу мен көрсететін қызметтерден пайда табу мақсатында туристерді өздерінің этно және мәдени ерекшеліктері, соның ішінде, өзгермеген және түпкі мағынадағы ұлт-дәстүрлері мен ұлттық нақыштары арқылы тартуы мүмкін. Алайда, мәдениетті коммерцияландыру жергілікті тұрғындардың мінез-құлқын нарықтық талаптарға сәйкес өзгертуіне әкелуі мүмкін, бұл дәстүрлі мәдени көріністердің шынайы, түпнұсқа жақтарының жоғалуына әкеледі.

Осыған байланысты, жоғарыда атап көрсетілген мейлінше қарама-қайшылықтар этнотуризмнің, сонымен қатар, онымен байланысты туындайтын әлеуметтік және кейбір мәдени мәселелерді талдау және анықтау мақсатында үлкен маңыздылыққа ие болып табылады. Аталмыш қайшылықтар математикалық, яғни сандық жағынан есептеуге бағынып қана қоймай, олар бір-бірімен байланысқа түсетін бірнеше факторлардың ықпалына тәуелді болып табылады.

Мүмкіндігі бар болатын шешімдер: аталған қарама-қайшылықтардың шешу жолдарын табу, оларды қарастыру үрдісі жоспарлау кезінде ерекше маңыздылыққа ие мәселелердің бірі ретінде саналады. Кеңейтілген жоспарлау үрдісі кезінде мәдени, әлеуметтік, сонымен қоса экологиялық факторлар экономикалық тұрғыдан негізделіп қана қоймай, оларға толыққанды зерттеу, оларды жан-жақты қарастыру орын алады. Теңдестірілген даму экономикалық өсу, қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік әділеттілік арасында тепе-теңдікке қол жеткізу үшін әртүрлі мүдделі тараптардың жағдайын қарастыруы керек.

Туристер этникалық мақсатпен елге, белгілі бір жерге келу арқылы жергілікті экономикаға айтарлықтай үлес қосады, жергілікті тауарларды, ұлттық кәдесыйларды сатып алып, туристік қызметті тұтынады. Алайда, олар этностың мәдениетін сақтау үрдісіне тікелей қатыспайды. Этнотуризмнен түскен табыс келуші туристердің санына байланысты болып табылады.

Жаппай туристер жергілікті мәдени ресурстарды пайдаланады, сонымен қатар, олардың әсерінен ландшафт өзгерістері және қоршаған ортаның ластануы орын алуы мүмкін.

Осыған байланысты, келетін туристер үшін жоғары деңгейдегі қызмет көрсету және мәдени, табиғи, тарихи құндылығы бар туристік нысандарға теріс әсер етпеу мақсатында этнотуризм тиянақты жоспарлауды қажет етеді. Қауымдастықтардағы әлеуметтік-мәдени өзгерістерді бақылау, мәдениетті сақтау бойынша жоспар жасау өте маңызды.

Сонымен қатар, бұл жерде теңдестірілген даму арқылы институционалды дамуға жетуге болады. Ол үшін институционалды талдаудың келесі құраушыларының рөлі маңызды:

- 1) институттар - нормалар, ережелер, әдеттер мен құндылықтар;
- 2) институционалды тетіктер - нарықтар, корпоративті иерархиялар, желілер, қауымдастықтар, қоғамдастықтар;
- 3) институционалды секторлар - қаржы жүйесі, оқыту және білім беру жүйесі, бизнес жүйесі мен ғылыми зерттеу жүйесі;
- 4) ұйымдар;
- 5) нәтижелер - жарғылар; басқарушылық шешімдер, өнімдердің саны мен сапасы [21].

Этнотуризмнің дамуында оны кезеңдік, аралық, тұрақты түрде бақылау, сонымен қатар, мүдделі тараптардың туристік қызмет аясына тікелей қатысуы, жоғары дәрежедегі біліктілік пен тиісті саладағы білімді игеруі, бір-бірімен ақпарат алмасуы және олардың келіссөздер жүргізуі туындауы мүмкін кері әсерді төмендетуге жағдай жасайды. Бұл уақытта жергілікті тұрғындардың, яғни қоғамдастықтардың келуші туристерді қабылдауға дайын болғандығы да жоғары маңыздылыққа ие. Этнотуризмді сапалық жағынан дамыту үшін жергілікті халыққа, этникалық азшылық топтарына кеңес беріп, кездесулер өткізу, фокус-топтардағы талқылаулар жүргізу, сауалнамалар алу сынды үрдістер орын алуы қажет.

Үкіметтің этнотуризмді дамытудағы маңыздылығы зор бола отырып, туризм саласын дамыту бойынша бағдарламалары және жоспарлары этникалық топтар жағынан бақылады, мәдени құндылықтар мен туристік ресурстарды қорғауды көздейді.

Берілген мақалада этнотуризм дамуының теориялық аспектілері, маңызды ерекшеліктері талданып, этникалық тақырыпта құрылған саябақтың негізгі құрылымы мен жүйесі қарастырылды. Этнотуризмнің әлеуметтік және мәдениет саласындағы негізгі мәселелері мен оны жоспарлаудағы мүдделі тараптардың келешегі мен стратегияларының негіздеріне зерттеулер жасалынды. Сонымен бірге, этнотуризм саласындағы негізгі мүдделі тараптар, әлеуметтік-мәдени мәселелер және мүмкіндігі бар шешу жолдарын енгізетін тұжырымдамалық негіздер этнотуризмді жоспарлау жүйесінде талданып, зерттелінді. Этнотуризмде пайда болуы мүмкін қайшылықтар мен қақтығыстар, сонымен қоса оларды шешу барысы тиімді әрі тиянақты, кәсіби жоспарлау және институционалды даму, сонымен қатар, мүдделі тараптарға байланысты екені айқындалды.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Jamison, D. Tourism and ethnicity: The brotherhood of coconuts. *Annals of Tourism Research*. - 1999. - Vol. 26(4). - P. 944-967.
- 2 Wood, R. Touristic ethnicity: A brief itinerary. *Ethnic and Racial Studies*, - 1998. - Vol. 21(2). - P. 218-241.
- 3 Henderson, J. Ethnic heritage as a tourist attraction: The Peranakans of Singapore. *International Journal of Heritage Studies*. - 2003. - Vol. 9(1). - P. 27-44.
- 4 Smith, V. Hosts and guests: The anthropology of tourism. Philadelphia: University of Pennsylvania Press. - 1977.
- 5 Van den Berghe, P. Tourism and the ethnic division of labor. *Annals of Tourism Research*. - 1992. - Vol. 19. - P. 234-249.
- 6 Van den Berghe, P. L. The quest for the other: Ethnic tourism in San Cristo'bal. Mexico, Seattle & London: University of Washington Press. - 1994.
- 7 Boissevain, J. Ritual, tourism and cultural commoditization in Malta: Culture by the pound? In T. Selwyn (Ed.), *The tourist image: Myth and myth making in tourism* (pp. 105-120) Chichester: John Wiley. - 1996.
- 8 Pitchford, S. Ethnic tourism and nationalism in Wales. *Annals of Tourism Research*. -1995. - Vol. 22(1). - P. 35-52.
- 9 Smith, Valene L. (ed.) *Hosts and Guests: The Anthropology of Tourism*, Oxford: Basil Blackwell, 1977; Philadelphia: University of Pennsylvania Press. - 1978.
- 10 Nelson Graburn, 'Tourism: the sacred journey', in V. Smith, ed, *Hosts and Guests. The Anthropology of Tourism*, Basil Blackwell, Oxford, 1978.
- 11 McIntosh R.W. and Goeldner C.R. *Tourism. Principles, Practices and Philosophies*, 6th edn, Wiley, New York, 1990
- 12 Бутузов А.Г. Этнокультурный туризм : учебное пособие. - М. : КНОРУС, 2013. — 248 с.
- 13 Yang L., Wall G., & Smith S. Ethnic tourism development: Chinese government perspectives. *Annals of Tourism Research*. - 2008. Vol.35(3). P. 751-771.
- 14 McIntosh, A. J., & Johnson, H. Exploring the nature of the Maori experience in New Zealand: views from hosts and tourists. *Tourism*. - 2005. - Vol. 52(2). - P. 117-129.
- 15 Bruner, E. M. *Culture on tour*. Chicago: University of Chicago Press. - 2005.
- 16 Xu, J. Overview of Chinese theme park and cultural performances symposium. *Tourism Tribune*. - 1998. - Vol. 5. - P. 18-22.

- 17 Ryan, C., & Aicken, M. Indigenous tourism: The commodification and management of culture. Amsterdam: Elsevier. - 2005.
- 18 L. Yang / Annals of Tourism Research. - 2011. - Vol. 38. -P. 561–585
- 19 Swain, M. (Developing ethnic tourism in Yunnan, China: Shilin Sani. Tourism Recreation Research. - 1989. - Vol.14(1). - P. 33–39.
- 20 Xie, P. Authenticating cultural tourism: Folk villages in Hainan, China. Unpublished PhD dissertation, University of Waterloo, Waterloo, Ontario. - 2001.
- 21 J. Rogers Hollingsworth. Doing Institutional Analysis: Implications for the Study of Innovations. Review of International Political Economy. - 2000. - Vol. 7. - No.4. - P. 595-644

**А.А. Дүйсембаев, Р.А. Мукатова**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
Нур-Султан, Казахстан*

### **Теоретические основы развития этнотуризма в зарубежной практике**

**Аннотация.** В настоящее время этнотуризм обеспечивает экономическое и культурное развитие и помогает сохранить историческое наследие в различных странах мира. Этнотуризм как отрасль туризма пропагандирует культуру, традиции, языки и оказывает положительное влияние на экономику страны. В настоящей статье рассматриваются научные и теоретические основы этнотуризма в зарубежных странах, и подчеркивается важность всестороннего изучения теоретического и методологического подходов в формировании этнотуризма и его концептуальных основ.

**Ключевые слова:** этнотуризм, этнический парк, этнические меньшинства, напряженность в этнотуризме, институциональное развитие.

**A.A. Duissembayev, R.A. Mukatova**

*L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **Theoretical foundations of ethno-tourism development in foreign practice**

**Abstract.** Nowadays ethno-tourism provides economic and cultural development and helps to preserve the historical heritage in the various countries of the world. Ethnotourism as a sector of tourism promotes culture, traditions, languages and has a positive impact on the country's economy. This article discusses the scientific and theoretical foundations of ethno-tourism in foreign countries and emphasizes the importance of a comprehensive study of theoretical and methodological approaches in the formation of ethno-tourism and its conceptual foundations.

**Keywords:** ethno-tourism, ethnic park, ethnic minorities, tension in ethno-tourism, institutional development.

### **References**

- 1 Jamison, D. (1999). Tourism and ethnicity: The brotherhood of coconuts. Annals of Tourism Research, 26(4), 944–967.
- 2 Wood, R. (1998). Touristic ethnicity: A brief itinerary. Ethnic and Racial Studies, 21(2), 218–241.
- 3 Henderson, J. (2003). Ethnic heritage as a tourist attraction: The Peranakans of Singapore. International Journal of Heritage Studies, 9(1), 27–44.



- 4 Smith, V. (1977). [1989]. Hosts and guests: The anthropology of tourism. Philadelphia: University of Pennsylvania Press.
- 5 Van den Berghe, P. (1992). Tourism and the ethnic division of labor. *Annals of Tourism Research*, 19, 234–249.
- 6 Van den Berghe, P. L. (1994). The quest for the other: Ethnic tourism in San Cristo'bal. Mexico, Seattle & London: University of Washington Press.
- 7 Boissevain, J. (1996). Ritual, tourism and cultural commoditization in Malta: Culture by the pound? In T. Selwyn (Ed.), *The tourist image: Myth and myth making in tourism* (pp. 105–120) Chichester: John Wiley.
- 8 Pitchford, S. (1995). Ethnic tourism and nationalism in Wales. *Annals of Tourism Research*, 22(1), 35–52.
- 9 Smith, Valene L. (ed.), 1978, *Hosts and Guests: The Anthropology of Tourism*, Oxford: Basil Blackwell, 1977; Philadelphia: University of Pennsylvania Press.
- 10 Nelson Graburn, 'Tourism: the sacred journey', in V. Smith, ed, *Hosts and Guests. The Anthropology of Tourism*, Basil Blackwell, Oxford, 1978.
- 11 R.W. McIntosh and C.R. Goeldner, *Tourism. Principles, Practices and Philosophies*, 6th edn, Wiley, New York, 1990
- 12 Бутузов А.Г. Этнокультурный туризм : учебное пособие / А.Г. Бутузов. — М. : КНО-РУС, 2013. — 248 с.
- 13 Yang, L., Wall, G., & Smith, S. (2008). Ethnic tourism development: Chinese government perspectives. *Annals of Tourism Research*, 35(3), 751–771.
- 14 McIntosh, A. J., & Johnson, H. (2005). Exploring the nature of the Maori experience in New Zealand: views from hosts and tourists. *Tourism*, 52(2), 117–129.
- 15 Bruner, E. M. (2005). *Culture on tour*. Chicago: University of Chicago Press.
- 16 Xu, J. (1998). Overview of Chinese theme park and cultural performances symposium. *Tourism Tribune*, 5, 18–22.
- 17 Ryan, C., & Aicken, M. (2005). *Indigenous tourism: The commodification and management of culture*. Amsterdam: Elsevier.
- 18 L. Yang / *Annals of Tourism Research* 38 (2011) 561–585
- 19 Swain, M. (1989). Developing ethnic tourism in Yunnan, China: Shilin Sani. *Tourism Recreation Research*, 14(1), 33–39.
- 20 Xie, P. (2001). *Authenticating cultural tourism: Folk villages in Hainan, China*. Unpublished PhD dissertation, University of Waterloo, Waterloo, Ontario.
- 21 J. Rogers Hollingsworth. *Doing Institutional Analysis: Implications for the Study of Innovations*. *Review of International Political Economy*. Vol. 7, No. 4, 2000, pp. 595-644

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Дүйсембаев А.А.** – экономика ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көш. 11, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Мукатова Р.А.** – D143 «Туризм» мамандығының 1 курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көш. 11, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Duissembayev A.A.** – Candidate of Economical Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazhymukan str. 11 Nur-Sultan, Kazakhstan.

**Mukatova R.A.** – 1<sup>st</sup> year PhD student of the speciality D143 «Tourism», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazhymukan str. 11, Nur-Sultan, Kazakhstan.